



**«Астана Банкі» акционерлік қоғамының
(«Астана Банкі» АҚ)
Екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі
Бірінші реттелген облигациялар шығарылымының
ПРОСПЕКТИ**

Облигациялар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық реттелген облигациялар.
Облигациялар саны: 10 000 000 (он миллион) дана
Шығарылым көлемі: 10 000 000 000 (он миллиард) теңге

«Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауапкершілік көтермейді. Облигациялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және эмитент пен облигацияларға қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайтын болып табылатындығын растайды.»

Алматы қ., 2015 жыл

1. Осы облигациялар шығарылымы «Астана Банкі» акционерлік қоғамының облигациялық бағдарлама проспектіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

Облигациялық бағдарламаның мемлекеттік тіркелген күні:	Екінші облигациялық бағдарлама проспекті «Астана Банкі» АҚ Бірінші реттелген облигациялар шығарылымының осы проспектімен бірге бір уақытта уәкілетті органда мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылады.
Оның шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын ақшалай көріністегі облигациялық бағдарлама көлемі:	20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге.
Облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:	1 (бірінші)
Екінші облигациялық бағдарлама шегінде алдыңғы облигация шығарылымдары туралы мәліметтер:	Осы облигациялар шығарылымы «Астана Банкі» АҚ екінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі алғашқы шығарылымы болып табылады.
Облигациялық бағдарлама шеңберінде бұдан бұрын шығарылған облигациялармен ұстаушыларына берілген құқықтар, соның ішінде шектеулер бұзылғанда (ковенанттар) жүзеге асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарды іске асыру тәртібін көрсетіп	Осы облигациялар шығарылымы «Астана Банкі» АҚ екінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі алғашқы шығарылымы болып табылады.

3. Шығарылым құрылымы:

1)	облигациялардың түрі (купондық, дисконттық, қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген)	Қамтамасыз етілмеген реттелген купондық облигациялар. Облигациялар «Астана Банкі» АҚ депозиторлары мен басты кредиторларына қатысты реттелген болып табылады.
2)	шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі (облигациялар шығарылымының жалпы көлемін номиналдық құны бойынша көрсету керек)	Шығарылатын облигациялар саны – 10 000 000 (он миллион) дана; Атаулы құны бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі – 10 000 000 000 (он миллиард) теңге.
3)	бір облигацияның номиналды құны	1 000 (он мың) теңге.
4)	облигациялар бойынша мыналар қоса көрсетілген сыйақы	
	облигациялар бойынша сыйақының ставкасы	Облигациялар айналысының мерзімі бойы (купонның) сыйақы мөлшерлемесі тұрақты – облигацияның атаулы бағасынан жылдық 12 % (он екі пайыз).
	сыйақыны есептеу басталатын күн, сыйақы төлеудің кезеңділігі және күні, тәртібі және оны төлеудің шарттары (егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, төлем валютасы және айырбастау бағамы көрсетіледі)	Облигациялар бойынша сыйақы облигациялар айналысының басталу күнінен бастап есептеледі. Айналыстың басталу күні – «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан былай – Биржа) ресми бағалы қағаздар тізіміне облигациялар

		<p>енгізілген күн. Ресми тізімге енгізу күні туралы хабар Биржаның ресми сайтында жарияланады.</p> <p>Облигациялар бойынша сыйақы жылына екі рет, сәйкесінше, облигациялар айнала бастаған күннен бастап әр алты ай сайын жыл сайын өтеу мерзіміне дейін төленеді.</p> <p>Облигациялар бойынша купонды сыйақы төлем төленетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен төленеді.</p> <p>Төлем төленетін кезеңнің (тіркеушінің орналасқан жеріндегі уақытқа сәйкес) соңғы күні басталғандағы жағдай бойынша облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген тұлғалар купонды сыйақы алу құқығына ие болады.</p> <p>Төлем күні купонды сыйақы жарты жылдық мөлшерлемесіне атаулы құнын көбейту арқылы есептеледі. Үтірден кейінгі таңбалар саны және дөңгелектеу әдісі Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленеді.</p> <p>Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, купонды сыйақы Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болса, теңгемен төленеді.</p> <p>Теңгені басқа валютаға (тек АҚШ Долларына) айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.</p> <p>Теңгені АҚШ Долларына айырбастау төлемді жүзеге асыру күні USDKZT_TOD инструментіне сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ таңертеңгілік сессиясының орта есепті бағамы бойынша жүзеге асырылады.</p>
	сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Эмитент Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес 360/30 (бір жылда 360 күн /бір айда 30 күн бар) уақыттық негізінде облигациялар бойынша купонды сыйақыны есептейді.
	индекстелген облигациялар шығару кезіндегі есептеу тәртібі	Облигациялар индекстелмеген.
	егер сыйақының ставкасы белгіленбеген болып табылса, оның мөлшерін белгілеу тәртібі көрсетіледі	Облигациялар сыйақының ставкасы негізгі шығарылымда белгіленген.
5)	Облигациялардың айналуы және өтелуі туралы мәліметтер:	
	облигациялар айналысының басталу күні	Орналастыру басталатын күн – айналу басталған күннен бастап бүкіл айналым мерзімі бойы.
	облигациялар айналысы жоспарланатын (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған) нарығы	Облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта айналады.
	облигациялардың айналыс мерзімі және оларды өтеу шарттары	Облигациялар айналатын мерзім – айнала бастаған күннен бастап 10 (он) жыл . Облигациялар айналатын соңғы күннен кейінгі 15 күнтізбелік күні ішінде қолма-қол ақшалай есеп айырысу жолымен соңғы купонды сыйақы төленіп, облигациялардың атаулы құны бойынша өтеледі.
	облигацияларды өтеу күні	Облигациялардың өтелуінің басталу күні –

		Облигациялар айнала бастаған күннен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін, облигациялардың айналыстағы соңғы күнінен кейінгі күн.
	облигациялар өтелетін орын	Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Көктем-2 ықш. ауд., 22 үй
	облигацияларды өтеу тәсілі	Облигациялар айналысының соңғы күнінің басталуы жағдайы бойынша облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына аудару арқылы өтеледі. Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, негізгі борыш және соңғы купонды сыйақы сомасы Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда, теңгемен төленеді. Инвестордың Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болмаса, және Инвестордың тиісті жазбаша өтініші келіп түссе, осындай төлемді жүзеге асыру күні USDKZT_TOD инструментіне сәйкес «Қазақстан кор биржасы» АҚ таңертеңгілік сессиясының орта есеptі бағамы бойынша теңгені басқа валютаға (тек АҚШ Долларына) айырбастауға болады. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.
6)	Облигациялар бойынша қамтамасыз ету:	Осы шығарылым облигациялары қамтамасыз етілмеген.
7)	облигацияларды ұстаушының өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызмет көрсетуі жөніндегі шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі)	«BCC Invest» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы, орналасқан мекенжайы: 050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі, 100 үй тел.: +7 (727) 244 32 32 факс: +7 (727) 244 32 31 Атаулы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызмет атқаруға 2006 жылғы 31 шілдедегі мемлекеттік лицензия № 0401201249 Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік: 26.06.2006ж. № 56185-1910-АҚ, Алматы қ. Әділет департаментімен берілген 24.11.2015 ж. № ПДО-16/15 қызмет көрсету туралы шарт Басқарма төрағасы Каламхатов Нурлан Базарбаевич
8)	тіркеуші туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті көрсету шартының жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі)	«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтпаев к-сі, 30А/3 үй, тел: +7 (727) 272 4760, факс: +7 (727) 272 47 60, ішкі 230 Шарт күні және нөмірі: 01.01.2014 ж. №1366 Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу қызметін ұсынуға шарт

		Бірінші жетекшісі – Басқарма төрағасы Хамитов Бекболат Сабитович
9)	облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдардың атауы, орналасқан жерлері, тиісті шарттардың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі)	«Астана Банкі» АҚ дербес түрде облигациялар шығарылымын орналастырады.
10)	төлем агенті туралы мәліметтер (оның атауы, орналасқан жері, тиісті шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі)	Эмитент купонды сыйақы және атаулы құнын дербес түрде төлейді.
11)	мыналар көрсетілген облигациямен оның ұстаушысына берілетін құқықтар: эмитенттен шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламасын алу, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайызын алу құқығын не өзге де мүліктік құқықтарды алу құқықтары; эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеуін талап ету құқықтары – осы проспектіде белгіленген, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде осы құқықты іске асыру талаптары, тәртібі және мерзімдері көрсетіледі;	<p>Облигация ұстаушылары құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> – облигацияларды өтегенде атаулы құнын алуға; – осы проспектпен қарастырылған мерзімде Эмитенттен облигациялар бойынша купонды сыйақы алуға; – облигацияларды кедергісіз сатуға және басқаша шеттетуге; – Қазақстан Республикасының заңнамасымен және облигациялар шығарылымының проспектімен қарастырылған тәртіпте талаптарын қанағаттандыруға; – Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған ақпаратты белгіленген тәртіпте алуға; – Облигацияларды иеленуге, пайдалануға, өкімдік етуге; <p>Осы Проспектпен келесі облигация ұстаушыларының құқықтары қарастырылмаған:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Облигация ұстаушыларының облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы; – Облигация ұстаушыларының сыйақыны және өзқұнын мерзімінен бұрын төлеуді талап ету құқығы, банктің банкроттыққа немесе банктің жойылуынан өзге жағдайда; – Облигация ұстаушыларының төлем деңгейін көтеруді талап ету және сатып алуға түрткі болу құқығы; – Эмитенттің немесе Эмитентпен ерекше қатынастағы және Эмитенттің ол арқылы бақылау жүргізетін немесе оның қызметіне елеулі ықпал ететін тұлғаның құқығы, инструментті сатып алу құқығы жоқ, сондай-ақ Эмитенттің тікелей немесе жанама түрде облигация сатып алуды қаржыландыруды жүзеге асыру қарастырылмаған.
11-1)	басталуы бойынша эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар көрсетіледі. Облигациялар бойынша дефолт жағдайында эмитенттің қандай шаралар қолданатыны, облигациялар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі	Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт – облигациялар бойынша сыйақыны (купонды), номиналды құнын немесе соңғы купондық сыйақыны төлемеу немесе толық төлемеу. Осы Проспектте көрсетілген мерзімде Эмитент міндеттемелерін орындамаса, облигация ұстаушыларының барлық құқықтары және олардың мүддесін қорғау Қазақстан

<p>міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигациялар ұстаушылардың құқығын қорғау рәсімі, оның ішінде міндеттемелердің қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары көрсетіледі.</p> <p>Эмитент облигациялар ұстаушыларға мәлімет үшін орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себебін, сондай-ақ облигациялар ұстаушылардың өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, оның ішінде эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайдағы эмитенттің міндеттемелері бойынша бірлескен немесе қосымша жауапкершілікті көтеретін тұлғаларға талап қою тәртібін қамтыған дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің, мерзімінің және тәсілдерінің толық сипаттамасы көрсетіледі. Көрсетілген ақпаратты ашу эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырған жағдайда осы тұлғаның толық және қысқартылған атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі;</p>	<p>Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Дефолт жағдайлары орын алған кезде, облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Эмитент осы дефолттарға жол бермеуге бағытталған барлық қажетті шараларды атқарады.</p> <p>Эмитент дефолттан шығудың тиімді жолын анықтау мақсатында облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын ұйымдастырады.</p> <p>Дефолт жағдайында Эмитенттің төлем қабілеттігін және облигациялар бойынша берешекті өтеу қабілетін қалпына келтіруге бағытталған, Эмитент атқаратын іс-шаралар кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару, инвестициялық, қаржы-экономикалық, құқықтық, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да шараларды қамтиды.</p> <p>Эмитенттің кінәсінен купонды сыйақы және/немесе облигациялар бойынша негізгі борыш осы талаптармен белгіленген мерзімде төленбесе немесе толық төленбесе, Эмитент облигация ұстаушыларына ақшалай міндеттемесін немесе бір бөлігін орындау күнгі (яғни төлем төленетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі күнгі) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін, әр кешіктірілген күн үшін өсімақы төлейді.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталғанда Эмитент дефолттың туындауына алып келген себептерді түзету үшін бар күшін салады, соның ішінде келесі шараларды атқарады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қалыптасқан жағдайда Эмитенттің өтімділігін тиімді басқару және Эмитенттің міндеттемелерін бұдан былай орындау үшін жеткілікті деңгейде қамтамасыз етумен байланысты шараларды орындау бойынша; 2) басталған оқиғаға байланысты басқа шаралар. <p>Облигациялар бойынша дефолт басталғанда Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және талаптарда жүргізіледі.</p> <p>Орындамау белгісіз күш жағдайларының салдары болса, Эмитент осы талаптар бойынша міндеттемелерінің бір бөлігін немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Басталуын алдын ала білуге болмайтын немесе тоқтатуға болмайтын (табиғат апаттары, әскери әрекеттер, т.б.) жағдайлар белгісіз күш жағдайлары деп түсініледі. Белгісіз күш жағдайлары туындаса, Эмитенттің осы</p>
---	--

		<p>талаптар бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осы жағдайлар мен салдарлары орын алатын уақытқа сәйкесінше кейінге қалдырылады.</p> <p>Осы облигациялар шығарылымы бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент облигациялар шығарылымының проспектімен белгіленген міндеттемелерін орындау күніне дейін қалған 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бағалы қағаздар шығарылымының проспектімен белгіленген борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындамауы туралы облигация ұстаушыларына дербес хабарлауға міндетті. Эмитент Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz), Эмитенттің ресми сайтында (www.bankastana.kz), Қаржылық есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) хабарлама беру арқылы облигация ұстаушыларына аталған мәліметтерді жеткізеді. Эмитенттің хабарламасында дефолт фактілері туралы, соның ішінде орындалмаған міндеттемелер көлемі, орындалмау себептері туралы ақпарат, облигация ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттер тізімі, соның ішінде Эмитентке талап қою тәртібі, қалыптасқан жағдайды түзету үшін Эмитент атқаратын шаралар, орындалмаған міндеттемелерді ықтимал өтеу мерзімдері туралы ақпарат болуы керек.</p>
12)	<p>эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімнен бұрын өтеу құқығы (осы құқығы эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде көзделген жағдайда). эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары және мерзімдері көрсетіледі;</p>	<p>Эмитент өз ынтасымен облигацияларды толық көлемде мына талаптарды ұстана отырып, айналысқа енген күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін мерзімінен бұрын өтей алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Уәкілетті органның оңтайлы тұжырымының болуы; – Сондай немесе ең жақсы сапалы капиталмен алмастыруды ұсыну; – Мерзімсіз инструменттерді қайтарып алуды жүзеге асыру барысында капиталдың минималды қажетті деңгейінен жоғары банкті капиталдандыруды жақсарту. <p>Эмитент өз облигацияларын мерзімінен бұрын өтеу мақсатында, осы Проспектінің 3 тарауының 12 тармағының талаптарын ұстанса және Эмитенттің директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана сатып алуға құқылы.</p> <p>Эмитенттің мерзімінен бұрын өтеу мақсатында облигацияларды сатып алуы туралы Директорлар кеңесінің шешімі Эмитенттің корпоративтік сайтында (www.bankastana.kz) және/немесе Эмитенттің Жарғысымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты жариялау арқылы, сондай-ақ биржаның ресми сайтында</p>

		<p>(http://www.kase.kz/) және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) ақпарат орналастыру арқылы қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушыларына жеткізіледі.</p> <p>Облигацияларды сатып алу облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына номиналды құнын және жинақталған купонды сыйақыны аудару арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Мерзімінен бұрын өтеу мақсатында облигацияларды сатып алу облигациялар бойынша сәйкесті сыйақы төлеумен қатар атаулы құны бойынша жүзеге асырылады, осымен қатар атаулы құн және купонды сыйақы алу құқығына Эмитенттің Директорлар кеңесінің сәйкесті шешімімен анықталған облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу күнінің басталуына дейінгі күні облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалар ие. Мерзімінен бұрын өтеу мақсатында облигацияларды сатып алу Директорлар кеңесінің шешімімен анықталған облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу күнінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.</p>
12-1)	<p>эмитенттің облигациялар ұстаушыларды ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдерін және тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген шектеулер (ковенант) туралы хабардар ету тәртібі</p>	<p>Эмитенттің қызметі, қаржы жағдайы туралы ақпарат, соның ішінде Эмитенттің қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептер, туралы ақпарат Эмитент пен Биржа арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта көрсетілген мерзімге және тәртіпке сәйкес Эмитенттің (www.bankastana.kz), Биржаның (www.kase.kz) ресми сайттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімге және тәртіпке сәйкес Қаржылық есептілігі депозитарийінің ресми сайтында (www.dfo.kz) орналастырылады және тұрақты жаңартылып отырады.</p>
13)	<p>облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер: облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдалану мақсаты мен тәртібі, сондай-ақ алынған ақшаны бөлу жоспарына енгізілуі мүмкін өзгерістерді көрсету кезінде басталатын талаптар көрсетіледі.</p>	<p>«Астана Банкі» АҚ облигацияларды орналастыру нәтижелері бойынша алған ақша банктің ұзақ мерзімді құрушы қорын қалыптастыру пайдасына бағытталады, ол өз кезегінде бөлшек шағын, орта және корпоративтік бизнес субъектілеріне несие беру түрінде экономиканың шынайы секторына салу үшін қолданылады.</p> <p>Эмитент облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны бөлу тәртібіне өзгерістер енгізуді жоспарламайды.</p> <p>Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаның жоспарлы бөлуіне өзгерістер енгізілуі мүмкін жағдайлар басталғанда Эмитент ҚР заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Облигациялар шығарылымының проспектіне тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.</p>
3-1	<p>Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін</p>	<p>Облигацияларды өтегенге дейін әр сыйақы төлеу кезеңіне бөліп, сыйақыны төлеу және</p>

	қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде.	негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарына болжам осы Проспектіге №1 Қосымшада ұсынылған.
3-2	Эмитент қабылдайтын және заңмен көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе). Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі эмитенттің және облигациялар ұстаушылардың әрекет ету тәртібі, оның ішінде облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу бойынша эмитенттің іс-әрекеттері толық жазылады.	Осы шығарылым облигациялары бойынша қосымша шектеулер (ковенанттар) қарастырылмаған.
4	Опциондар туралы ақпарат:	Осы шығарылым облигациялары бойынша опциондар қарастырылмаған.
5	Айырбасталатын облигациялар:	Осы шығарылым облигациялары айырбасталмайды.
6	Облигацияларды орналастыру тәсілі	Облигациялар сауда-саттық ұйымдастырушысының ішкі құжаттарына және ҚР заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылады.
1)	облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі: облигациялар ұйымдастырылмаған нарықта орналастырылған жағдайда облигацияларды орналастырудың басталу және аяқталу күні (бар болған кезде) көрсетіледі	Облигацияларды орналастыру мерзімі облигациялар шығарылымының бүкіл айналым мерзімі бойы. Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ұйымдастырылған нарық ішкі ережелеріне сәйкес арқылы орналастырылады. облигациялар ұйымдастырылмаған нарықта орналастырылған жағдайда облигацияларды орналастырудың басталу және аяқталу күні белгісіз.
2)	акцияларға айырбасталған облигациялар жазылу арқылы орналастырылған жағдайда айырбастау шарттары көрсетіледі	Осы шығарылым облигациялары айырбасталмайды.
3)	облигацияларға төлем жасаудың талаптары мен тәртібі	Облигациялар Биржаның сауда жүйесінде сауда-саттық өткізу арқылы орналастырылады, облигациялар сауда-саттық ұйымдастырушысының ішкі ережелеріне сәйкес төленеді.

«Астана Банкі» АҚ
Басқарма Төрағасы

«Астана Банкі» АҚ
Бас бухгалтері



Майлибаев И.Е.

Мусаева З.Р.

Проспектінің №1 Қосымшасы. Облигацияларды өтегенге дейін әр сыйақы төлеу кезеңіне бөліп, сыйақыны төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарына болжамы, миллион теңге

	2015	I жарты жылд ық 2016	2016	I жарты жылд ық 2017	2017	I жарты жылд ық 2018	2018	I жарты жылд ық 2019	2019	I жарты жылд ық 2020	2020	I жарты жылд ық 2021	2021	I жарты жылд ық 2022	2022	I жарты жылд ық 2023	2023	I жарты жылд ық 2024	2024	I жарты жылд ық 2025	2025
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ	2 178	2 385	2 571	2 771	2 988	3 221	3 472	3 743	4 035	4 349	4 689	5 054	5 449	5 874	6 332	6 826	7 358	7 932	8 550	9 217	10 324
сондай-ақ, ақша қаражатын пайдаланудан түскен табыс	0	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800	800
сондай-ақ, орналастырылған облигациялар бойынша пайыздық шығын	0	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600	-600
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ	-2 000	-2 160	-2 376	-2 614	-2 875	-3 019	-3 170	-3 328	-3 495	-3 669	-3 853	-4 045	-4 248	-4 460	-4 683	-4 917	-5 163	-5 421	-5 692	-5 977	-6 276
ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ	10 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	-10 000
сондай-ақ, борыштық бағалы қағаздар бойынша түсім	10 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сондай-ақ, борыштық бағалы қағаздарды өтеу	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	-10 000
Ақша қаражаты мен баламасының таза ұлғаюы /азаюы	10 178	225	195	158	113	202	302	415	540	680	836	1 009	1 201	1 413	1 649	1 908	2 195	2 511	2 858	3 241	-5 952
Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен баламасы	15 000	25 178	25 403	25 598	25 756	25 868	26 070	26 373	26 787	27 327	28 007	28 843	29 852	31 053	32 467	34 115	36 023	38 218	40 729	43 587	46 828
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен баламасы	25 178	25 403	25 598	25 756	25 868	26 070	26 373	26 787	27 327	28 007	28 843	29 852	31 053	32 467	34 115	36 023	38 218	40 729	43 587	46 828	40 876